

**Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар даярлауға 2011-2012 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2011 жылғы 29 қарашадағы № 497 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 14 желтоқсанда № 7339 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 шілдедегі № 425 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 01.07.2015 № 425 бұйрығымен.**

"Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің білім беру ұйымдарында мамандар даярлауды қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар даярлауға 2011-2012 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 232 қаулысын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар даярлауға 2011-2012 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес орналастырылсын.

2. Техникалық және кәсіптік білім департаменті (Қ.Қ.Бөрібеков):

1) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын;

3) осы бұйрықты республикалық бюджеттен қаржыландырылатын техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін.

3. Қаржы және инвестициялық жобалар департаменті (Т.А.Нұрғожаева) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарын білім алушылар контингентіне сәйкес уақытылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр С.Б.Шаяхметовке

ж ү к т е л с і н .

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы  
Қ а з а қ с т а н  
Б і л і м және ғылым министрінің  
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы  
2 0 1 1 жылғы 29 қарашадағы  
№ 497 бұйрығына қосымша

М. Сарыбеков

Р е с п у б л и к а с ы

**Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар даярлауға 2011/2012 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы**

№	Оқу орындарының атауы	Оның ішінде мамандықтар бойынша			
		Мамандықтардың атауы	Саны (адам)	(оның ішінде қазақ тілінде оқыту)	11-сынып базасында
1.	"Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Гидрогеология және инженерлік геология: "Техник-гидрогеолог" біліктілігі	25	25	25
		"Тау кен электромеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу": "Электромеханик" біліктілігі	25		25
		"Мұнай және газ скважиналары және бұрғылау жұмыстарының технологиясы": "Техник-технолог" біліктілігі	25	25	25
		Мұнай және газ кен орындарын пайдалану: "Техник-технолог" біліктілігі	25	25	25
		"Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану": "Газ объектілері құрал-жабдығын пайдалану технигі" біліктілігі	25	25	25
	Барлығы		125	100	125
	"Жоғары Техникалық Мектеп" мемлекеттік емес білім беру мекемесі	Оптикалық және электрондық құрал-жабдықтар: "Байланыс технигі" біліктілігі	22	22	22
		Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану:			

2.	Орал қаласы	"Газ объектілері құрал-жабдығын пайдалану технигі" біліктілігі	8	8	8
		Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы: "Техник-технолог" біліктілігі	35	20	35
		Автомобиль көлігіне қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану: "Техник-механик" біліктілігі	15		15
		Мұнай-газ құбырлары мен қоймаларын салу және пайдалану: "Техник-механик" біліктілігі	30	20	30
		Мұнай және газ кен орындарын пайдалану: "Техник-технолог" біліктілігі	15	15	15
	Барлығы		125	85	125
3.	Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын "Қарағанды политехникалық колледжі"	Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары: "Электромонтер" біліктілігі;	25	25	25
		"Электр станцияларындағы электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электр темір ұстасы" біліктілігі;	25		25
		"Күштік тораптар мен электр жабдықтары жөніндегі электр құрастырушысы" біліктілігі	25		25
		Жылу-техникалық жылу жабдықтары және жылумен қамтамасыз ету жүйелері: "Жылу желілері жабдықтарын жөндеу дәнекерлеуші" біліктілігі	25		25
	Барлығы		100	25	100
4.	Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын "Электротехникалық колледж", Семей қаласы	Электрмен қамтамасыз ету: "Күштік тораптар мен электр жабдықтары жөніндегі электр құрастырушысы" біліктілігі;	50		50
		Электр және электр механикалық жабдықтар: "Жарық беру және жарықтандыру желілері бойынша электр монтаждаушы" біліктілігі	25	25	25
	Барлығы		75	25	75
		Жылу-техникалық жылу жабдықтары және жылумен қамтамасыз ету жүйелері:	50	25	50

5.	Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын "Теміртау политехникалық колледжі"	"Техник-жылу технигі" біліктілігі			
		Электр және электрлі механикалық жабдықтарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу: "Электромеханик" біліктілігі	50		50
	Барлығы		100	25	100
6.	Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын "Семей геодезия және картография колледжі"	Геодезия и картография: "Техник-геодезист" біліктілігі	13		13
		"Техник-аэрофотогеодезист" біліктілігі	12		12
	Барлығы		25		25
	Жиыны		550	260	550

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК